Ұ Й Ғ А Р Ы М

22 қаңтар 2024 жыл Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Борашева, талап коюшы Маңғыстау облысының білім басқармасыныңАқтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретінмектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Joker» басшысы Пак Геннадий Борисович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап арызын қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы:

Талап қоюшы аталған талап арызбен сотқа жүгінген.

Талап арыз Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 145 бабына сай қабылданған.

Жауапкерден талап қоюшының келтірген талабымен келіспейтінін, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрап сын- пікір келтірген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 144-бабына сәйкес сот қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы ұйғарым шығарады.

Мұндай жағдайда сот жауапкердің берген дәлелдерін зерттеуге және істегі мән-жайларды нақты анықтаукерек деп есептеп, істі жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен жүргізілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144 баптарын басшылыққа ала отырып судья,

Ұ Й Ғ А Р Д Ы:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасыныңАқтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретінмектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Joker» басшысы Пак Геннадий Борисович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы азаматтық ісі жалпы іс жүргізу тәртібімен қаралсын.

Сот өндірісі қазақ тілінде жүргізілсін.

Істі қараудың орны мен уақыты туралы тараптарға хабарлансын.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 29.01.2024

Судья А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 29.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»